

Т.Айтжанов атындағы жалпы білім беретін  
мектеп кітапханасы

2024-2025 оқу жылының жылдық есебі

**Т.Айтжанов атындағы жалпы білім беретін мектеп кітапханасының  
2024-2025 оқу жылының жылдық есебі**

**Кітапхана жұмысының мақсаты:**

Кітапхана жұмысының мақсаты – педагогикалық құрамды және білім алушыларды кітаппен жұмыс істеудің ұтымды тәсілдеріне үйрету, материалдарды іздеуге және талдауға үйрету және оқу әрекетінің ақпараттық қамтамасыз ету ептіліктері мен икемділіктеріне дағдыландыру, өзгерістерді тез арада сезінуге, сын көзімен ойлануға және қажетті ақпаратты қайта қарауға үйрету.

Қазіргі кездегі білім беру ортаның жағдайында кітапхана оқырмандарға кітапханалық қызмет көрсетумен шектелмей, білім саласына қойылған стратегиялық міндеттерді шешуге тиісті:

Кітаппен жұмыс үрдісінде балаларды азаматтық сезімге тәрбиелеу, рухани- шығармашылық ұстанымдарын ашу

Оқушылардың кітап оқуға деген қызығушылықты ояту, оқу мәдениетін қолдау.

Оқу сауаттылығын қалыптастыру

Кітапханаға жаңа оқырман тарту

**Мектеп кітапханасының негізгі қызметі:**

**Білім беру қызметі.** Мектептің қалыптасқан тұжырымдамасы мен оның бағдарламасына орай, білім беру мақсатын қамтамасыз ету және қолдау.

**Ақпараттық қызметі:** Оқушылар мен мұғалімдердің оқырмандық сауалдарын қанағаттандыру, түрлі бағыттағы ақпараттарды пайдалануға мүмкіндік туғызу.

**Тәрбиелік қызметі.** Жеке тұлғаның жан жақты дамуын қалыптастыруға мүмкіндік туғызу, азаматтық тұрғыдан, интернационалдық және Отан сүйгіштік тұрғысынан тәрбиелеу.

**Мектеп кітапханасының есептік көрсеткіштері.**

Барлық қор 28288

Оның ішінде оқулықтары 23029

Көркем әдебиет 5259

Тілге бөлер болсақ:

Орыс тілі- 629

Өзбек тілі- 450

Қазақ тілі 2796

Балалар әдебиеті 1384

Электрондық оқулық 1100

## Жұмысының негізгі көрсеткіші

Оқырмандардың саны	600
Келу	5425
Оқылу	
Кітаптың берілуі	5640

Мектеп кітапханасы екі бөлмеде орналасқан. Бір бөлмесінде әдеби –әдістемелік кітаптар, оқулықтар орналасқан, екінші бөлмесінде Кітап-рухани қазына , Болашаққа-бағдар рухани жаңғыру, Қазақстан елім менің, Туған жердің шежіресі, Балалар кітапханасы, BOOKCROSSING тақырыбында кітап көрмелері жабдықталған.Бұл кітап көрмелері жыл бойы оқырмандар сұранысын қанағаттандырып отырады.

2024 –2025 оқу жылына арналған оқушылардың оқулықтарымен және оқу құралдарымен қамтылуымен басталды. Түскен оқулықтарды қабылдап жүкқұжаттарын рәсімдеп, оларды бухгалтерияға өткізілді.

Мектеп кітапханасында «Оқуға құштар мектеп» жоба бойынша тілдер мерекесі қарсаңында «Тіл мерейі –ел мерейі »А. Байтұрсыновтың туған күніне орай ,кітап көрмесі қойылып А.Байтұрсыновтың өмірбаяны, өлеңдері,шығармашылығын оқушылар арасында насихаттап өттік.

**«Оқуға құштар мектеп» жоба аясында** Отбасымен кітап оқимыз тақырыпта мектеп оқушыларының кітапқа құмарлығын ояту мақсатында « Отбасыммен кітап оқимын»шарасын ұйымдастырылды. Кітап оқу- бұл тек білім алу немесе уақыт өткізу емес, ол сонымен қатар адамды рухани дамыту мен отбасы мүшелері арасындағы байланыстарды нығайтудың бір жолы болып табылады.



**«Бір ел-бір кітап»** акциясы бойынша жыл таңдауы балалар жазушысы Б.Сокпақбаевтың «Менің атым Қожа», «Балалық шаққа саяхат»шығармалары

насихаттау барысында 6 «Ә» сынып оқушылары арасында Read X әдісі бойынша талдау жасалып сынып оқушылары Б.Мұстафа, Қуаныш Дана, Қуаныш Жаннұр т.б оқушыларымыз ерекшелене білді.

«Әжемнің ертегісі» жобамыз әр екі аптада тікелей эфирде шығып жатыр.

**"Әжемнің ертегісі" жобасының мақсаты** – ұлттық құндылықтарды сақтау және өскелең ұрпаққа қазақ халық ертегілерін жеткізу. Жоба арқылы балалар мен жастарды халқымыздың мәдениетімен, дәстүрімен, салт-санасымен таныстырып, оларға адамгершілік, батылдық, адалдық сияқты қасиеттерді сіңіру көзделеді. Сонымен қатар, бұл жоба: Ертегілерді жаңаша форматта ұсыну арқылы балалардың қызығушылығын арттыру. Отбасылық құндылықтарды насихаттау және әжелердің ролін дәріптеу. Қазақ тілін дамыту және әдеби мұраны сақтау, Балалардың қиялын, ойлау қабілетін дамыту мақсаттарын көздейді.



**«Оқуға күштар мектеп» жоба аясында "Сәкен Сейфуллиннің 130 жылдық мерейтойы: «Әдеби мұраға құрмет және ұлттық сана»** Мектеп кітапханашылары 6-сынып оқушыларымен бірлесіп, Сәкен Сейфуллиннің 130 жылдық мерейтойына орай мазмұнды іс-шара ұйымдастырды. Оқушылар ақынның өлеңдерін мәнерлеп жатқа оқып, оның терең ойға толы шығармаларын шынайы сезіммен жеткізді. Әр оқушы өзіне ұнаған өлеңді таңдап, оны ерекше ықыласпен орындап, ақын мұрасына деген құрметін білдірді



## «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында

### Халықаралық кітап сыйлау күні

"Оқуға құштар мектеп- оқуға құштар ұлт" және "Балалар кітапханасы" жобасы аясында 14 ақпан- Халықаралық кітап сыйлау күніне орай "Сүйіспеншілікпен кітап сыйла!" атты игі шара ұйымдастырылды.

Кітап сыйлау акциясының мақсаты:

Оқушылар мен жастар арасында кітап оқуды насихаттау, оқуға деген қызығушылықты ояту, мәдениетті қалыптастыру.

Кітап сыйлау арқылы кітапханалар мен білім беру мекемелеріне көмек көрсету, кітап қорының толықтырылуына үлес қосу.




## «Балалар кітапханасы» жобасы аясында

### Сыйқырлы кітап сөресі

(жылдамдық ойыны)

Оқушыларға кітаптардың маңызы, кітап оқудың пайдасы туралы түсінік беру, әртүрлі жанрдағы әдеби шығармалармен таныстыру. Оқушылардың шығармашылық ойлау қабілеттерін дамыту, кітаптарға деген қызығушылығын арттыру. Бұл ойында оқушылардың жылдамдығын жасырынған ертегілерді жылдам табу арқылы және жасырылған ертегіні айту.



## «Оқуға құштар мектеп» жоба аясында "Соңғы парыз" туралы бірер сөз...

(Ә.Нұрпейісовтың "Соңғы парыз" романы бойынша ойталқы)

Мектебіміздің кітапханашылардың жылдық жоспарына сәйкес 10 -сынып оқушылары арасында Ә.Нұрпейісовтың "Соңғы парыз" романы бойынша ойталқы өткізілді.

Мақсаты: Оқушыларға адамның табиғатпен және қоғаммен арақатынасын, рухани-адамгершілік мәселелерін көрсету. Роман арқылы автор адам мен табиғат арасындағы байланыстардың бұзылуы, Арал теңізінің экологиялық апаты, моральдық құндылықтардың жоғалуы сынды өзекті тақырыптарды көтергенін түсіндіру.



## «Оқуға құштар мектеп» жоба аясында Тәуелсіз Қазақстанның тарихы

6 "А" сынып оқушыларымен бірге "Тәуелсіз Қазақстанның тарихы" тақырыбында блиц-турнир өткізді.

Мақсаты: Оқушылардың Қазақстанның Тәуелсіздік алған кезеңдегі тарихи оқиғалар туралы білімдерін тексеру және олардың өз пікірлерін еркін білдіріп қаблеттерін дамыту.

Оқушылардың жауап беру деңгейі, сұрақтарға қаншалықты дайындалғандары, белсенділік көрсеткіштері байқалды. Оқушылардың білім деңгейі бағаланып, тарихқа деген қызығушылықтары артқаны байқалды.



### Оқуға құштарлықты арттыру


Оқулықты құштарлықты арттыру мақсатында «Үзілісте кітап оқу» акциясы басталды. Оқушылар мен мұғалімдердің кітапқа деген қызығушылығын арттыру. Оқу мәдениетін қалыптастырып, тұрақты оқуға қалыптастыру. Үзілісте кітап оқу - оқырмандардың оқу мәдениетін қалыптастыруға және интеллектуалды дамуына үлкен ықпал етеді.



### Қылмыс пен жаза романы сұрақ жауап әдісі

Қылмыс пен жаза романы сұрақ жауап әдісі арқылы оқырман тек кейіпкерлердің ішкі жан дүниесін емес, өз өміріндегі моральдық және мәселелер туралы ойлануға мәжбүр болады.

Бұл әдіс романды терең психологиялық және философиялық шарты ретінде таныды.



### «Балалар кітапханасы» жоба аясында «Сыныппен бірге кітап оқимыз»

5-6 сынып білім алушыларына «Сыныппен бірге кітап оқимыз» тақырыбында іс-шара өткізілді.

**Мақсаты:** Білім алушылардың кітап оқуға деген қызығушылығын арттыру, кітап оқуға баулу.

Кітап – адамзат баласының баға жетпес асыл құндылығы. Білім мен мәдениеттің биік белестеріне жетелейтін – тәрбие құралы. Шығыс ойшылы Науаи: «Кітап – ақылына ақы сұрамайтын алтын қазына» десе, Абай атамыз «Танымның бар тамашасы – кітапта, оған қол жеткізу үшін кітап оқудан жалықпа», «Артық ғылым кітапта, ерінбе оқып көруге» деп насихаттайды.



## «Оқуға күштар мектеп» жоба аясында Бейімбет Майлин әңгімелерін талдау

Жазушының шығармашылық әлемін, көркемдік ерекшеліктерін, идеялық бағыттарын және қоғамға әсерін тереңірек түсіну. Жазушының әңгімелерінде қазақ халқының тұрмысы, мінез-құлықтары, өмірлік жағдайлары мен заманауи мәселелері шынайы бейнеленген



## «Балалар кітапханасы» жоба аясында Досыңмен кітап алмасып оқу

5"Б" сынып оқушылар арасында "Досыңмен кітап алмасып оқу" кітап оқу өтті. Әрқайсысы өзін оқыған кітаптан алған әсерлерін мен идеяларын бөлісіп, жаңа көзқарастарға қол жеткізе алды.


Кітаптар туралы талқылаулары достық қарым-қатынасты жақсартып, ортақ қызығушылықтарын дамытуға көмектесе алды. Оқығандарын талқылау арқылы түрлі пікірлерге баға беруді және өз ойларын түйіндеуді үйрене білді.



## «Балалар кітапханасы» жоба аясында Тәлімдік-танымдық әңгіме

"Бір уыс мақта" — бұл қазақ халық әдебиетінің шағын жанрларының бірі болып табылатын тәлімдік-танымдық әңгіме. Әңгімеде адамдардың адалдығы, шыншылдығы мен әділдігі туралы ой қозғалады. Бұл шығарма негізінен адамгершілік құндылықтарды насихаттауға бағытталған.


Оқиға желісі арқылы оқушылар мен кітапхана меңгерушілері көрініс құру арқылы кішкентай нәрселердің өзі үлкен зардаптарға әкелуі мүмкін екенін көрсетіп, адамгершілік қағидаларын сақтаудың маңыздылығын жеткізді. Әңгіме арқылы адалдық, ұқыптылық және жауапкершілік секілді қасиеттер дәріптелді.



### «Оқуға құштар мектеп» жоба аясында "Ұлы дала елінің тәуелсіздігі»

Кітапханада 7-сынып білім алушыларымен "Ұлы дала елінің тәуелсіздігі" тақырыбында іс-шара өткізді. Оқушыларға Қазақстанның тәуелсіздік жолындағы тарихи кезеңдері мен маңызды оқиғалары туралы білім беру. Ұлы дала елінің тәуелсіздігін нығайтуға үлес қосқан тұлғалар мен оқиғалардың маңызын түсіндіру.

Мемлекеттік рәміздерді, ұлттық құндылықтарды дәріптеуге бағытталған тапсырмалар арқылы шығармашылық қабілеттерін жетілдіру.




**«Оқуға күштар мектеп» жоба аясында өткізілген «Қыста кітап оқимыз,жадымызда тоқимыз»**

Оқырмандарды кітап оқуға баулу, олардың оқу мәдениетін қалыптастыру, қыстың ұзақ күндерін пайдалы әрі мазмұнды өткізуге шақыру. Сонымен қатар, бұл әрекет арқылы таным көкжиегін кеңейту, шығармашылық қабілеттерін дамыту.

Оқушылар мен оқырмандардың қысқы демалыста оқыған кітаптарын талдау мақсатында бүгін танымдық кеш өткізді.

Оқушылар оқыған кітаптарын талдау барысында кітап оқудың адамды тәрбиелеудегі рөлін түсіне білді. Оқушылардың суық мезгілді бос өткізбей пайдалы әрі мазмұнды іспен айналысқанын көруге болады. Әдеби шығармаларды оқу арқылы сезімталдықты, түсіністік пен жанашырлықты қалыптастыруға болады.



**"Бір ел-бір кітап 2025" акция аясында Жүмекен Нәжімеденов пен Тәкен Әлімқұлов шығармашылығын насихаттау**

"Бір ел-бір кітап 2025" акция аясында мектеп кітапханасында 8-9 сынып оқушылары мен Жүмекен Нәжімеденов пен Тәкен Әлімқұлов шығармашылығын насихаттау барысында қазақ әдебиеті мен мәдениетін терең түсініп жалпы оқырман қауымын рухани құндылықтарға деген қызығушылықтарын арттырып қана қоймай, көркем әдебиетке деген сүйіспеншілігін арттыру, әдеби талдау жасау қабілеттерін дамыту. Қазіргі жастарды ұлттық әдебиет арқылы тәрбиелеу, елжандылық пен патриотизмді нығайту.

Оқушылар Ж.Нәжімеденов пен Т.Әлімқұловтың өмір жолы, шығармашылық мұрасы мен олардың қазақ әдебиетіне қосқан үлесімен танысты.



## “Біртұтас тәрбие” бағдарламасы негізінде “Балалар кітапханасы” жобасы

8-сынып оқушыларымен “Кітап оқу уақыты” өткізілді. С.Досжанның “Біртуар” романын. “Bookdating” әдісімен талдап шықты. Біртуар романы – қазақтың даңқты балуаны, Олимпиада чемпионы Жақсылық Үшкөмпіровтің өмірі мен спорттық жолын баяндайтын шығарма. Қазақтың атақты спортшысы Жақсылық Үшкөмпіровтің өмірі мен жетістіктерін насихаттау; Спорт пен еңбектің адам өміріндегі маңызын көрсету; Кейіпкердің табандылығы мен жігері арқылы жастарды ынталандыру; Қазақ спортының тарихындағы маңызды оқиғаларды таныстыру; Төзімділік пен еңбекқорлыққа баулу; Елге, халыққа адал қызмет етудің маңызын көрсету; Өжет рух пен намысшылдықты дәріптеу; Жастарды спортқа баулу және салауатты өмір салтын насихаттау. Жақсылық Үшкөмпіров – тек чемпион ғана емес, нағыз еңбек адамы. Оның қарапайым ауылдан шығып, әлемдік деңгейдегі жеңістерге жетуі – жас ұрпаққа үлкен үлгі. Роман оқырманға нағыз ерлік пен қайсарлықтың мәнін түсінуге көмектеседі.



Каникулда кітап оқимыз – бұл өте жақсы идея! Демалыс уақытында оқушыларға кітап оқудың маңыздылығы зор. Бұл тек уақытты тиімді өткізу ғана емес, сонымен қатар ой-өрісті дамыту, сөз байлығын арттыру, қазақ және әлем әдебиетімен танысу үшін таптырмас мүмкіндік.

Оқушыларымен Фараб кітапханасына барып, Д.Исабековтың “Сүйекші” шығармасын, С.Досжанның “Біртуар” романын, С.Мұратбековтың “Жабайы алма” шығармаларын талдады.

Каникулда кітап оқудың пайдасы:

Ой-өрісті дамыту: Кітап оқу адамның танымын кеңейтеді, жаңа білім мен қызықты мәліметтерге жол ашады.

Тіл байлығын арттыру:Әдеби шығармалар оқушының сөздік қорын молайтып, тілін дамытады.

Жеке тұлғаның дамуы:Кітаптар арқылы адам өзіне жаңа құндылықтарды сіңіріп, жеке тұлға ретінде қалыптасады.

Когнитивті дағдыларды дамыту:Кітап оқу оқушылардың логикалық ойлау қабілетін жетілдіреді.

Эмоционалдық дамуы:Кітап арқылы балалар әртүрлі сезімдерді түсініп, өз эмоцияларын басқаруға үйренеді.



**Республикалық «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында өтіп жатқан  
«КітапХан кітап оқыту әдісі»**

**2022 оқу жылы**

**Түркістан облысының әдістемелік орталығының ұйымдастырумен өткізілген «Оқуға құштар мектеп» жобасы республика көлемінде жүзеге асырылуда. Осы оқуға тиіс «100 кітап» оқы жобасы аясында мектеп мұғалімдері мен оқушылары «КітапХан» жобасына қатысып, жүлделі орындардан көрінді:**



**Исмайлова Севара** ағылшын тілі пәні мұғалімі Атыраудың тумасы Рақымжан Отарбаевтың «Жұлдыздар құлаған жер» кітабын қорғап, апталақ кезеңнен екінші орын иеленді.



**10-сынып оқушысы Қаржау Әділбек** орыс жазушысы **Ф.Достоевский** «Қылмыс пен жаза» кітабын қорғап апталақ кезеңнен бірінші орын иеленді. Санжар Керімбай «Бейсен мен Болмыс» кітабын қорғап айлық кезеңде екінші орынға тұрақтады. Жылдық маусымда Санжар Керімбайдың «Логотерапия немесе өмірге құштарлық» кітабын қорғап шықты.



**10-сынып оқушысы Серікбай Назгүл** апталақ кезеңде Әнуар Әлімжановтың «Ұстаздың оралуы» романын қорғап бірінші орын, айлық кезеңде Санжар Керімбай «Салт дәстүр сөйлейді» бірінші орын және жылдық маусымға жолдама алды. Бұл біздің мектебіміздің жетістіктері



10-сынып оқушысы Серікбай Назгүл 24.05.2022 жылы Ақжайық сазды музыка мектебінде облыстық Кітапхан байқауының жылдық айналымына қатысып, «Зерек оқушы» номинациясымен марапатталды. Бағалы сыйлық табыс етілді.



2023-2024 оқу жылында « Оқуға күштар мектеп » жобасы республика көлемінде жүзеге асырылуда. Осы оқуға тиіс «100 кітап» оқы жобасы аясында мектеп мұғалімдері мен оқушылары «КітапХан» жобасына мектебіміздің директоры Қ.Байтишев қатысып, жүлделі орындардан көрінді:

Апталық , айлық , кезеңнен жылдық кезеңге өтіп жүлделі орынға ие болды



2024-2025 оқу жылында «KitapХан кітап оқыту» жобасына қатысқан мұғалімдер мен оқушылардың жеткен жетістіктері

№	Қатысушының Аты-жөні	Қорғайтын кітап	Қорғайтын кітаптың авторы	Лауазымы, сыныбы	Жетістіктері
1	Исмайлова Шахиста	Бейсен мен болмыс	Санжар Керімбаев	Ағылшын пән мұғалім	Апталық кезеңнен айлық кезеңге өтіп II –орын алды
2	Ергешбай Жұлдыз	Кемел адам	Қ.Жолдыбай	Қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі	Апталық кезеңге шықты
3	Азатылла Мадина+	Ұшқан ұя	Бауыржан Момышұлы	7 сынып оқушысы	Апталық кезеңнен өтіп айлық кезеңге жолдама алды айлық кезеңнен жылдық кезеңге өтті
4	Бегмаш Зейін+	Қазақ хрестоматиясы	Ыбырай Алтынсарин	4 -сынып оқушысы	Апталық кезеңге қатысты
5	Әміржан Әлихан	Заманай мен Аманай	Сәкен Жүнісов	8- сынып оқушысы	Апталық кезеңнен Айлық кезеңге өтті
6	Серікбай Арайлым	Керкұла	Халық ауыз	5- сынып	Апталық

		атты Кендебай	әдебиеті	оқушысы	кезеге катысты
7	Саттарұлы Рамазан	Қыпшақ Сейітқұл	Ыбырай Алтынсарин	5 -сынып оқушысы	<b>Апталық</b> кезеге катысты
8	Мұстафа Балайым +	Менің атым Қожа	Бердібек Сокпақбаев	6 -сынып оқушысы	<b>Апталық</b> кезеге катысты
9	Қуаныш Дана	Балалық шаққа саяхат	Бердібек Сокпақбаев	6- сынып оқушысы	<b>Апталық</b> кезеңнен өтіп, <b>айлық</b> кезеңге жолдама алды <b>айлық</b> кезеңнен <b>жылдық</b> кезеңге өтті
10	Серікбай Ұлдана	Сүйекші	Дулат Исабеков	8- сынып оқушысы	<b>Апталық</b> кезеге катысты
11	Нарбаев Мереке	Ақиқат пен аңыз	Ә.Нұршайықов	Дене шынықтыру мұғалімі	<b>Апталық</b> кезеге катысты
12	Орынбай Каусар	Бақытсыз Жамал	М.Дулатов	8- сынып	<b>Апталық</b> кезеге катысты



Мектеп директоры

Қ.Байтишев

Дайындаған :

Ж.Ахметова